



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,  
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,  
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің  
85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана 17 наурыз 2023 жыл**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

*Редакция алқасын басқарған:* Сыдықов Е.Б.

*Редакция алқасы:* А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәлиұлы (жауапты шығарушы),  
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

2. 472-бет Т. Шонанов Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында // «Жаңа мектеп». - 1929. №1. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
3. Кемеңгерұлы Қ. Жат тіл оқыту әдісі. Жинақта: Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 317 б.
4. Байтұрсынұлы А. Жалқылаулы-жалпылау әдісі // («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп». 1928. №1. 31-37-б. Жинақта: «Тіл тағылымы». Алматы: «Ана тілі», 1992. - 368-372-б.
5. Аймауытұлы Ж. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». 1929.-№1. 11-36-б. Аймауыт ұлы. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». -1929.- №2.-7-31-б. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
6. Әбдікәрімова Т.М. А.Байтұрсынұлының «Әліб-бій» оқулығының әдістемелік сипаты // «А.Байтұрсынұлы оқулары – III. «А.Байтұрсынұлы тағылымы: тіл, терминология, әдістеме» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Астана, 2010. - 215 б.
7. М.Ахметова . «Мәтін лингвистикасы». – Орал, - 2008.
8. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Шығармалар жинағы. 2-т. Тілдік қатынас. Ғылыми монография [Мәтін]. – Алматы: «Ан-Арыс», 2019. – 584 б.
9. Бейсенбекова, Г.Т. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі [Мәтін]: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2001. – 146 б.
10. Курманова, А.К., Курманбаева, Ш.К. Қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуі [Мәтін] // Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы № 1, 2022. - 400-412 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА ҮЙРЕТУДЕГІ ЕКІНШІ ТІЛДІ МЕҢГЕРТУ ТЕОРИЯЛАРЫ

*ХОПУР А.Е.,*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.*

*СӨРСЕКЕ Г.Ә.,*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты.*

*Қазақстан, Астана қ.*

**Аннотация.** В статье дается общее понятие дисциплины «усвоение второго языка» в целях объяснения процесса преподавания казахского языка русскоязычной аудитории. Далее представляются самые важные теории, предложенные в свое время для понимания природы усвоения второго языка. Также раскрывается необходимость исследования нейронаучной основы усвоения и преподавания второго языка.

**Abstract.** This article presents a general introduction to “second language acquisition” as an academic discipline aiming to explain the process of teaching the Kazakh language to the Russian speaking classroom. It then reviews the most important theories proposed at the time for understanding the nature of second language acquisition. It also reveals the need to study the neuroscientific basis of second language acquisition and teaching.

**Кілт сөздер:** қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту, екінші тілді меңгерту, екінші тілді меңгерту теориялары, ана тілі, тіл үйрету теориялары

Қазақ тілін Қазақстанда тұратын, орыс тілінде сөйлейтін ересек азаматтарға үйрету мәселесі еліміздің тәуелсіздік алу жылдарынан бастап көкейкесті болып отыр. Бұл саланың әлі де шешімін таппаған мәселелері бар. Осы мақалада біз қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту мәселесін зерттеп, қазақ тілін үйретуде екінші тіл меңгерту теорияларын енгізу мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Екінші тілді меңгерту (ЕТМ), ағылшын тілінде – second language acquisition (SLA), 1960 жылдардан бастау алған жаңа зерттеу пәні болып саналады. ЕТМ зерттеушілері педагогикаға аса үңілмей, тіл меңгеру табиғаты мен үдерісін қарастырады. Олар екінші тіл қалай меңгеріледі және адамдар неге түрлі жылдамдықпен тілді меңгереді деген сұрақтарға жауап іздейді.

ЕТМ басынан бастап пәнаралық сала болған еді. Тілді игеру тетігін ашу мен түсіну мақсатында ғалымдар лингвистика, психология, білім алу, әлеуметтану, антропология және т.б. салалардағы теориялар мен нәтижелерге сүйенеді. ЕТМ теориялары мен тетіктерін зерттеу бізге қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне меңгертуге үлкен пайда әкеле алады.

Қазіргі уақытта ересектерге қазақ тілін үйретуде тіл үйретушілердің ешқандай теориялық негізге сүйенбейтіндігі байқалады. Оны атауда «орыс тілді немесе өзге тілді аудиторияға қазақ тілін үйрету», «қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту», «қазақ тілін оқыту», «ана тілін оқыту», «қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту» секілді түрлі терминдер қолданылады. Бұл терминдер мағынасы мен мазмұны жағынан еш ажыратылмаған, барлығы да бір атаудың түрлі нұсқасы ретінде қолданыста жүр. Алайда, тереңдей қарағанда, бұл терминдердің арасында біршама айырмашылықтар бары көрінеді. «Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесінде» қазақ тілін оқытудың келесі бағыттары көрсетіледі:

«- қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту;

- қазақ тілін туыс тіл ретінде немесе түркі тілдерінде сөйлейтіндерге оқыту;

- қазақ тілін өзге тіл ретінде оқыту» [1,18].

Одан әрі қазақ тілін өзге тіл ретінде оқыту бағытын одан әрі екі тармаққа бөлуге болады:

- қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту;

- қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту.

Елімізде қазақ тілі көбіне өзге тіл ретінде орыс тілді азаматтарға оқытылады. Бұндай жағдайда қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытқан жөн. «Екінші тілді меңгерту» термині, кең мағынада алғанда, бірінші тілді меңгергеннен кейін басқа тілді үйренуді білдіреді [2, 360]. Яғни орыс тілінде сөйлейтін азаматтар үшін қазақ тілі екінші тіл болады. Екінші тіл – елдегі маңызды әлеуметтік және институционалдық қызметтерді іске асыратын тіл. Алайда сол елде өмір сүретін кейбір адамдар үшін ол ана тілі болмауы мүмкін. Мұндай жағдайда екінші тіл үйренушіге табиғи түрде таныс болады. Бұған мысал ретінде АҚШ-та көптеген иммигранттардың ағылшын тілін үйренуін айтуға болады.

Шет тілі дегеніміз – белгілі бір елде тұратын көпшілік халықтың ана тілі болмаған немесе сол елдегі күнделікті қарым-қатынас жасаудың құралы болмаған тіл. Оны көбіне адамдар шетелдіктермен сөйлесу үшін меңгереді. Мысалы, Америкада тұратын азаматтарға қазақ тілі шет тілі ретінде оқытылатын болады. Біз қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде екінші тілді оқытудың іргелі теорияларын қолдана аламыз. Шетелдік әдебиеттерде екінші тілді оқыту теориялары мен тетіктері өте жақсы зерттелген және олар әлемде кеңінен қолданылады. Осындай озық әдістемелік тәжірибелерді біз де қазақ тілін оқытып, үйретуде қолдануды дұрыс деп санаймыз.

### **Екінші тілді меңгерту теориялары**

Екінші тілді меңгеру үдерісін сипаттау үшін ғылымда көптеген теориялық негіздер ұсынылған. Төменде ЕТМ саласындағы негізгі теориялар көрсетілді:

1. Бихевиористік тәсілдеме (Behaviorist Approach). Бұл – ЕТМ-ға қатысты ең алғашқы тәсілдеме. Мұнда кереғар пікірлер мен қайшылықты көзқарастар басым. Бұл тәсілдеме психологиялық теориялардың, әсіресе 1950-60 жылдарда, бихевиоризмнің әсерімен дамыды. Бұл көзқарас *қарама-қарсы талдау* (contrastive analysis) үлгісін қалыптастырды. 1940-50 жылдары тілдік педагогиканы жетілдіргісі келген зерттеушілер ана тілінің және үйренетін тілдің қарама-қарсы талдауын ұсынған. Олардың пайымдауынша, мұндай талдаулар тіл үйретуде қандай құрылымдар оңай болатынын және қандай құрылымдар үйренуде қиындық тудыратынын көрсетеді. Сол кезде Р. Ладо келесідегідей болжам жасайды: «Студенттер басқа тіл үйренген кезде үйренуге өте оңай және өте қиын болатын құрылымдарға тап болады. Ана тілімен сәйкес келетін элементтерді студенттер оңай қабылдап, ал ана тіліне сәйкес келмейтін элементтерді олар қиындықпен үйренетін болады» [3, 2]. Ал С.С. Фрайс өз еңбегінде былай деп жазған болатын: «Ең тиімді материалдар үйренушінің ана тілін қатар салыстырып, үйренетін тілдің ғылыми сипаттамасына негізделеді» [4, 9]. Бұндай талдау екінші тілді меңгертудің бастапқы кезеңінде аса тиімді болып, тілдік құрылымның кез келген деңгейінде (фонология, морфология, лексика, синтаксис, семантикадан дискурстық және мәдени нормаларға дейін) қолданылуы мүмкін. Сонымен қоса бұл талдау тіл үйренушінің қателеріне болжа жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта да қазақ тілін оқыту үдерісінде мұндай талдау қолданады. Дегенмен қарама-қарсы талдау кейін эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерімен таласқа түсті. Мұны Р.С. Мэйджор өз еңбегінде сипаттайды: «Қарама-қарсы талдаумен болжам жасалған қателердің іс жүзінде маңызы болмауы мүмкін, ал кейде шынымен жіберілетін қателерді болжамдауға келмей жатады немесе ол ана тілімен сәйкестендіріле алмайды» [5, 34].

2. Когнитивтік тәсілдеме (Cognitive Approach). Екінші тілді оқыту үдерісінің табиғатын зерттеуге бағытталған өзге тәсілдемелер когнитивтік аспектіге негізделеді. Төменде біз *қателерді талдау гипотезасын, әмбебап грамматика моделі мен монитор моделін* қарастырамыз.

- *Қателерді талдау (Error Analysis)*. 1960 жылдардың соңы мен 1970 жылдардың басында зерттеушілер екінші тілдегі қателерге жаңа көзқараспен қарай бастады. ЕТМ-дағы қателерді талдау тәсілдеменің бастауы ретінде С.П. Кордердің 1967 жылғы «Үйренушілер қателерінің мәні» (The significance of learners' errors) атты мақаласын атауға болады. Бұл мақалада С.П. Кордер қателердің жүйелік сипатта болғанын айтып, қателердің маңыздылығын түсіндіреді. Оның айтуынша, үйренушілердің жіберетін қателері арқылы оның ойын түсінуге болады. «Яғни қателер – үйренушінің жаңа жүйені зерттеп жатқандығының белгісі» [6, 161]. С.П. Кордердің концептілері мен идеяларына негіздеп, 1972 жылы Л. Селинкер «аралық тіл» терминін ұсынады. Бұл термин үйренушінің екінші тілдегі көздеген деңгейіне жетуіндегі аралық жағдайын (немесе аралық грамматикасын) белгілеу үшін пайдаланылады. Л. Селинкер бұл аралық тіл үдерісін шығармашылық үдеріс ретінде қарастырған: «Өйткені бірінші тіл мен үйренетін екінші тіл жүйелерінің әсері үйренушінің ойындағы үшінші тіл ретіндегі аралық тілдің қалыптасуына әкеледі. Бірақ тіл үйрену жоғары деңгейінде аралық тілді қолдануды тоқтату қажет» [7, 209].

Бүгінде аралық тіл үдерісі тіл үйретушілер мен үйренушілер арасында кең қолданысқа ие. Дегенмен аралық тілдің басы мен соңына қатысты қойылатын шектеулер нақты емес. Сонымен бірге қазіргі ғылыми айналымда тіл үйренудегі жетістіктерді осы тілде сөйлеушілердің нормаларымен салыстыру арқылы өлшеу қажеттілігіне қатысты даулы мәселелер өз шешімін таппай отыр.

- *Әмбебап грамматика моделі (Universal Grammar Model)*. Әмбебап грамматиканы 1965 жылы Ноам Хомский ұсынды. Н. Хомскийдің пайымдауынша, ересек адамның ана тіліндегі менталды грамматикасы әмбебап ұстанымдар мен түрлі параметрлерден тұрады. Бұндай ұстанымдар әлемдегі барлық тілдер үшін бірдей болады, тек параметрлер тілден тілге өткен

кезде өзгеріске ұшырауы мүмкін. Тілді үйрену кезінде жаңа білім белгілі бір тілдегі параметрлерді іске қосады. Н. Хомский балалардың туғаннан бастап тіл меңгеру тетігіне ие болатындығы туралы гипотезаны алға шығарады [8, 14].

1980 жылдардың басында кейбір зерттеушілер әмбебап грамматиканың ЕТМ-ға қатысты қолданысын зерттеуге кірісті. Бұл бағытта пайда болған негізгі сұрақтарға мыналар кіреді: «Әмбебап грамматика ЕТМ-да қолжетімді ме? Әмбебап ережелер ЕТМ-ға қалай әсер етеді?». Бірінші тілді меңгеру мен екінші тілді үйрену көбіне әр түрлі сипатта болады. Мысалы, үйренуші өзінің бірінші тілдегі дағдылары мен стратегияларының жиынтығын қалыптастырғаннан кейін екінші тілді үйренуге кіріседі. Екінші тілді үйренетіндерден бірінші тілді меңгеріп жатқан балалардың мотивтері өзгеше болады.

- *Монитор моделі (Monitor Model)*. Монитор моделі Стивен Крашен тарапынан 1970-80 жылдары арасында тұжырымдалды. Бұл модель, бір жағынан, тіл меңгерудің табиғи тәртібін танытса, екінші жағынан, нақты тапсырмаларды орындау кезінде болатын кедергілерді түсіндіруге тырысады. С. Крашен екінші тілді меңгеруді басқаратын екі білім жүйесін ұсынады. Біріншісі – балалардың ана тілін меңгеруіне ұқсайтын түпсанадағы жүйе. Екіншісі – формальді оқу нәтижесінде пайда болған және үйренуші өз нәтижесін саналы түрде бақылайтын жүйе. Осы екі жүйе бір-бірінен дербес бола отырып, әрқайсысы нәтижеліліктің түрлі аспектілері үшін жауап береді. Екінші тіл меңгерілетін табиғи тәртіп меңгерген жүйеге сәйкес келеді [9, 13]. Қазіргі таңда *монитор моделінің* түрлі аспектілері сынға ұшырауда. Мысалы, бұл модель меңгеру мен оқу арасындағы айырмашылықты айқындамайды деген сын бар. Дегенмен С. Крашеннің теориясы екінші тіл меңгертудегі түрлі факторлар арасындағы арақатынасты айқындайтын жаңа ой туғызады, тіл оқыту үшін материал әзірлеу кезінде есепке алынуы тиіс мәселелерді анық көрсетуге мүмкіндік береді.

3. Интерактивті тәсілдемелер (Interactive Approaches). Интерактивті тәсілдемелер екінші тілді меңгерту кезіндегі тілдің интерактивтілік және қатысымдық табиғатын есепке алады.

- *Тілдіесімді талдау (Conversation Analysis)*. Бұл тәсілдеме 1978 жылы пайда болды. Мұнда тіл үйрену барысында үйренушінің әлеуметтік мәртебесі есепке алынады. Өйткені біз тілді әлеуметтік өрістерден бөліп алып қарастыра алмаймыз. Бұл тәсілдеме кері байланыс пен түзетулер енгізіп, талқылау секілді көптеген міндеттерді атқарады. Осылайша Э. Хэтчтің пайымдауынша: «Үйренуші басқа адаммен тілдесу інемесе вербалды түрде әрекеттесуі негізінде синтаксистік құрылымдарды меңгере алады. Тілдіесімді талдау тіл үйренудегі ақпараттың берілуіне және әрекеттесуіне негізделеді» [10, 137].

- *Бәсекелестік моделі (Competition Model)*. Р. Миао өз еңбегінде айтқандай, бәсекелестік моделі тіл дамуына қатысты функционалдық тәсілдемені пайдаланады. Бұл модельде тілдік тұлғалар қатысымдық функцияларды іске асыру үшін құрылады, реттеледі, шектеледі және пайдаланылады. Тұлға бір немесе бірнеше функцияны орындайды, ал функция бір немесе бірнеше тұлғада іске асады [2, 363]. Осы модельге сәйкес, тілдер нақты тұлға мен функциялардың көріністеріне қарай ерекшеленеді. Жаңа ақпаратты қабылдау кезінде мағынаны білдіру төрт түрлі сигнал арқылы іске асады. Атап айтқанда, олар: *сөз тәртібі, сөздік қор, морфология мен интонация*. Адамның өңдеу жүйесі бір уақытта шектеулі ақпарат санын пайдаланатындықтан, бұл сигналдар өңдеу кеңістігінде бәсекеге түседі. Екінші тілді үйрену кезінде қай тұлғалардың қай функцияларға сәйкес келетінін және осы көріністердің екінші тілдегі салмағын айқындау керек.

4. Әлеуметтік-мәдени тәсілдемелер (Sociocultural Approaches). Әлеуметтік-мәдени тәсілдемелер тілді әлеуметтік құбылыс ретінде қарайтындықтан, мұнда тілді меңгеру негізінен әлеуметтік-мәдени факторлармен анықталады.

- *Аkkультурация моделі (Acculturation Model)*. Табиғи ортадағы ЕТМ жағдайына сүйеніп, 1978 жылы Дж. Х. Шуманн уақыты тығыз үйренушінің аралық тілі мен пиджин

арасындағы бірқатар ұқсастықты сипаттайды. Пиджин дегеніміз – ана тілдері түрлі болатын екі адам арасында қолданылатын қарапайым немесе қысқартылған тіл нысаны. Мысалы, екі тілдік нысанға қарапайым морфология, белгілі қозғалыс ережелерінің жетіспеуі және қысқартылған сөздік қор сияқты ерекшеліктер тән [11, 34].

- Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы (*Vygotsky's sociocultural theory*). 1978 жылы Л.С. Выготский өз әлеуметтік-мәдени теориясын ұсынды. Ал 1990 жылдардан бастап Л.С. Выготскийдің теориясына қызығушылықтың қайта жандануы байқалды. Ол үйренуді әлеуметтік сипат ретінде және тіл меңгеруді әлеуметтік әрекеттесу ретінде қабылдайды. Бұл теорияның орталық тұжырымдамасы Жақын даму аймағы (ЖДА) болып табылады. Жақын даму аймағы дегеніміз – баланың нақты даму деңгейі және оның үлкендердің жетекшілігімен немесе өзінен қабілеттірек құрдасымен ынтымақтастық жасау арқылы қол жеткізе алатын дағдылардың әлеуметтік деңгейі арасындағы қашықтықты білдіреді. ЖДА баланың жетекшінің көмегімен тапсырмаларды орындау арқылы үйрене алатын даму деңгейлерінің ауқымын анықтайды [12, 85]. Соңғы онжылдықтарда бірқатар зерттеулер осы тәсілдемені қолданды.

5. Нейроғылыми тәсілдеме (Neuroscientific Approach). Соңғы уақытта кейбір ЕТМ зерттеушілері ми жұмысы мен есте сақтау ұстанымдарын зерттейтін нейроғылымға, яғни тіл мен ми байланысына назар аударуда. М. Данеси көрсеткендей, мидың негізгі функцияларын білу және мидың түрлі бөліктерін атау қабілеті ЕТМ-ге тікелей қатысты болмауы мүмкін. Дегенмен мұндай білім қажеттілігінің екі практикалық себебі бар: 1) ЕТМ жайлы әдебиетте 1970 жылдардан бастап нейроғылыми терминдер мен тұжырымдар жиі қолданыла бастады; 2) соңғы уақытта қолданылатын ЕТМ модельдері мен теориялары белгілі бір дәрежеде нейроғылыми идеяларды қолданады. Бір сөзбен айтқанда, ми туралы білімдер екінші тілді меңгерту мен екінші тілді үйрету мәселелерін талқылау мақсатында жүргізілетін кәсіпқой сұхбаттардың ажырамас бөлігіне айналуға [13, 34]. Жалпы, кезінде екінші тілді меңгеруді түсіндіру мақсатында түрлі модельдер мен тәсілдемелер ұсынылған болатын. Кең қолданыс таппағандықтан кейбір тәсілдемелерді көрсетпедік.

Сонымен, біз ЕТМ саласында ұсынылған негізгі теориялық тәсілдемелерді қарап, екінші тіл меңгеруге әсер ететін түрлі факторларды зерттедік. Барлық тәсілдемелерді білу қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытумен байланысты үдерістердің толық ауқымын көру үшін қажет. Дегенмен екінші тілді меңгеруді толығымен түсіну үшін жетілген модельдер мен қосымша зерттеулер қажет. Біздің ойымызша, нейроғылыми тәсілдемені ЕТМ-ға қатысты зерттелуінің әлеуеті өте жоғары. Соңғы уақытта нейроғылым саласындағы зерттеулер ЕТМ үшін үйренушінің миында не болып жатқанын көруге мүмкіндік беріп отыр. ЕТМ-ді толық ұғынғымыз келсе, Б. Спольски айтқандай, «ми ғылымдарынан іздену – қисынға жататын нәрсе» [14, 279].

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қ. Қадашева, У.О. Асанова, Б.Г. Ашиқбаева. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі: (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы: Кантана-пресс, 2012. – 399 б.
- 2 Miao R. Second Language Learning. // International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition), edited by James D. Wright, Elsevier, Oxford. – 2015. – PP. 360-367.
- 3 Lado R. Linguistics across cultures: Applied linguistics for language teachers. – University of Michigan press, Ann Arbor. – 1957. – P. 142.
- 4 Fries C. C. Teaching and learning English as a foreign language. – University of Michigan press, Ann Arbor. – 1945. – P. 153.
- 5 Major R. C. Foreign accent: The ontogeny and phylogeny of second language phonology. – Routledge, 2001. – P. 224.



- 6 Corder, S. P. The significance of learners' errors. IRAL: International Review of Applied Linguistics in Language Teaching, 5(4). – 1967. – PP. 161-170.
- 7 Selinker L. Interlanguage. International Review of Applied Linguistics 10. – 1972. – PP. 209–231.
- 8 Chomsky N. Aspects of the theory of syntax Cambridge //Multilingual Matters: MIT Press. – 1965. – P. 251.
- 9 Krashen S. Principles and practice in second language acquisition. – Oxford: Pergamon Press. – 1982. – P. 160.
- 10 Hatch E. Discourse analysis, speech acts, and second language acquisition. // Second language acquisition research. – 1978. – PP. 137 – 155.
- 11 Schumann J. L. The Acculturation Model for Second Language Acquisition, [in:] RC Gingras // Second Language Acquisition and Foreign Language Teaching. – Washington. – 1972. – PP. 27-50.
- 12 Vygotsky L. S., Cole M. Mind in society: Development of higher psychological processes. – Harvard university press. – 1978. – P. 174.
- 13 Danesi M. Second language teaching: A view from the right side of the brain. – Springer Science & Business Media, – 2003. – Т. 8. – P. 183.
- 14 Spolsky B. Formulating a theory of second language learning // Studies in second language acquisition. – Cambridge University Press. – 1985. – Т. 7. – №. 3. – PP. 269-288.

## **ӘДЕБИЕТТЕГІ ІЗДЕНІСТЕР МЕН АҒЫМДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*ТОКСАМБАЕВА А. О.,  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
университеті, филология ғылымдарының  
кандидаты, профессор  
УАЛИЕВА С. А.,  
Семей қаласы Шәкәрім атындағы  
университетінің магистранты.  
Қазақстан, Семей қ.*

Білім беру жүйесі үздіксіз даму үстінде екені белгілі. Осыған орай білім берудің тенденциялары өзгерді. Білім берудің заманауи үрдістері мен модельдеріндегі өзгерістер оқыту ұстанымдарын қайта бағамдау қажеттігін туғызуда. Яғни білім беруді мазмұндық, құрылымдық жағынан кемелдендірудің шарты уақыт үдерісіне қарай әрекет ету, оқыту ұстанымдарын тиімділікке жүгіндіру.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін дәлелдеді. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «*XXI ғасырда нені оқыту керек?*» және де екіншісі – маңыздылығы жағынан біріншіден еш кем емес: «*Мұғалімдер білім алушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?*». Мұндай сұрақтардың туындауының себебі: қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Педагогика тарихында жүйеленген, білім беру тәжірибесінде қалыптасып, екшелген білім беру ұстанымдары бар. Я.А.Коменскийдің алғаш ұсынған оқыту ұстанымдарынан бері